

тақтанаң ашылу салтана-  
тына қала әкімі Әмірхан  
АСАНОВ қатысып, бұл ша-  
раның мән - маңызына  
тоқталды.

«Аяған Исмагұлұлы сын-  
ды қан майданда кеудесін  
отқа тосып, Жеңіс күнін  
жақыннатқан ардагер-  
леріміздің есімін әрқашан  
құрметпен еске аламыз.  
Бүгінгі іс шара соның бір  
көрінісі болмақ. Олай болса,  
батыр атамыздың ескерткіш  
тақтасының ашылуымен  
құттықтай отырып, елімізде  
бейбітшілік мәңгілік орна-  
сын, енді соғыс болмасын деп  
тілеймін! Тәуелсіз елімізде,  
бүгінгідей татулықта ғұмыр

шіс медальдармен марапат  
талған.

Сондай-ақ 1949 жылы  
демобилизациядан кей-  
ін тұған елінде ішкі істер  
органдарында - комен-  
дант, участекілік комисsar, аға детектив қызметін адап-  
тқарып, полиция майо-  
ры атанған. 1963 жылдан  
бастап Қамысты, Жітіқара,  
Әулиекөл, Құсмұрын, Жан-  
гелдин аудандарында поли-  
ция бөлімінің менгерушісі,  
ішкі істер бөлімінің бастығы  
болған. Ішкі істер орган-  
дарындағы мінсіз қызметі  
үшін I ші дәрежелі мадақта-  
малар мен «Үздік» милиция  
майоры төсбелгісін иелен-  
ген.



## Ерлердің есімі - мәңгі өшпейді

**Тарихымызда аты  
алтын әріптермен  
таңбаланған, күллі  
қазаққа аңсаған арайлы  
ақ таңын атырған  
Ұлы Жеңіс туының  
көкте желбірегеніне  
биыл 80 жыл толып  
отыр. Осы айтулы  
жылға орай Арқалық  
қаласындағы облыстық  
№2 ғылыми-әмбебап  
кітапханасында «Мәңгі  
өшпес ерлер есімі»  
атты тарихи кеш  
үйымдастырылды.**

Аталған іс-шараға Ұлы  
Отан соғысының қасіретін  
бастаң кешкен, ауырт-  
пашилығын қара нар-  
дай көтере білген майдан  
және тыл ардагерлерінің  
үрпақтары - А. Нұржанов  
, А. Абдуллина, С. Бапақо-  
ва, Ж. Абдрахмановтар  
шакырылды. Тарихи күн  
қарсаңында үйымдасты-  
рылған шарада кеш қо-  
нақтары зұлмат жылдар  
мен елге аман-есен келіп,  
туған жерді тулетуге жан-  
тәнімен ат салысып, сұра-  
пыш соғыстың сынынан

сүрінбей өткен жауынгер  
аталарымыз Нұржан Аб-  
дуллин, Мырзахмет Ба-  
пақов, Жәкіш Әбдірахман  
(Шаһмардан) жайлы ой-  
тарқатып, ерен еңбекпен  
женісті жақыннатқан  
тыл ардагері Қарпық Нұр-  
жанұлы туралы баяндан  
берді.

Тағылымды шарада Ұлы  
Жеңіске арналған майдан  
әндері шырқалып, сұра-  
пыш соғыстың қасіретін  
айшықтайтын қойылым  
қойылды және майдан-  
гер аталарымыздың қызын

да ерлікке, қарама-қай-  
шылыққа толы жолдары  
жайлы сыр шертетін әде-  
биецтерден тұратын «Та-  
рихтан тағылым - өткен-  
ге тағзым» атты жылдық  
кітап көрмесі танысты-  
рылды.

Белгілі қаламгер Илияс  
Жансүгіровтің «Өз ұлын, өз  
ерлерін ескермесе, ел тегі,  
қайдан алсын кеменгерді»  
деген ұлағатты сөзі бар.  
Зұлмат жылдар туралы,  
оның әрбір күні мен саға-  
ты тарих парақтарында  
жазылып, женістің оңай-

лықпен келмегені белгілі.  
Сондықтан бейбіт күннің  
қадірін біліп, отты жыл-  
дарды басынан өткөріп, өз  
отбасыларына тірі келіп,  
еліміздің соғыстан кейінгі  
өрлеуіне елеулі үлес қосқан  
қаһармандардың есімдері  
мен атқарған ерең ерлік-  
терін бітуі және қастерлеуі  
- кейінгі үрпақтың пары-  
зы.

**Гүлзат ӘМІРХАН,  
Облыстық  
№ 2 әмбебап ғылыми  
кітапханасының  
кітапханашысы**